

Тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын азаматтарды әскери есепке тіркеуге алу жұмыстарын жүргізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімінің 2011 жылғы 06 желтоқсандағы N 57 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 10 қаңтарда N 10-9-213 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімінің 2012 жылғы 12 наурыздағы N 61 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімінің 2012.03.12 N 61 шешімімен.

Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімінің 2012.01.31 N 60 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі
З а ң д а р ы н а с ә й к е с **Ш Е Ш Е М І Н :**

1. Шиелі ауданы бойынша 2012 жылдың қаңтар-наурыз аралығында он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу
ж ұ м ы с т а р ы жү р г і з і л с і н .

2. "Қызылорда облысы Шиелі ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Шиелі аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен бірлесіп, азаматтарды медициналық куәландыру үшін маман дәрігерлер ұсынылсын (келісім бойынша).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімінің 2012.01.31 N 60 шешімімен.

3. "Шиелі аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (С.Қарынбаев келісім бойынша) әскери есепке қоюдан жалтарған тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды іздестіруді және ұстауды жүзеге
а с ы р у ұ с ы н ы л с ы н .

4. Шиелі ауданы әкімінің 2010 жылғы 15 желтоқсандағы "Он жеті жасқа толатын азаматтарды әскери есепке тіркеуге алу жұмыстарын жүргізу туралы" N 49 (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2011 жылдың 17 қаңтарда N 10-9-183 болып тіркелген, аудандық "Өскен өңір" газетінің 2011 жылғы 26 қаңтарындағы N 8-9(7841-42) санды шығарылымында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Т.
Ж а ғ ы п б а р о в қ а жү к т е л с і н .

6. Шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ

Н. НӘЛІБАЕВ

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облысы Шиелі ауданының
Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Д. Нурхожин _____ "30 " желтоқсан 2011 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облысының денсаулық
сақтау басқармасының "Шиелі аудандық
емханасы" шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорнының бас дәрігері

Н. Әмір _____ "30" желтоқсан 2011 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Шиелі аудандық ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

С. Қарынбаев _____ "30" желтоқсан 2011 жыл

Ескерту. Келісу таңбасына өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Шиелі
ауданы әкімінің 2012.01.31 N 60 шешімімен.